

СОТТЫҢ ҚҰРАМЫ, ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУ

Сот құрамы

- **Сот құрамы** – заң бойынша нақты бір соттық істі қарауға өкілетті судьялар саны. Сот құрамы сот өндірісінің және сот инстанциясының түріне қарай әр түрлі болады. Бірінші инстанция сотында негізінен істі жалғыз судья қарайды. Азаматтық және қылмыстық процестер бойынша кассациялық және қадағалау инстанциясындағы істер 3 судья құрамында қаралады.

Сот құрамы істерді қарауы

- Азаматтық істерді судья Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша жеке-дара қарайды және шешеді.

Істерді апелляциялық сатыдағы сотта қарауды соттың алқалы құрамы облыстық және оған теңестірілген сот судьяларының тақ санында (кемінде үш) жүргізеді, олардың біреуі төрағалық етуші болып табылады не судья осы Кодекстің 402-бабына сәйкес жеке-дара жүргізеді.

Істерді кассациялық сатыдағы сотта қарауды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының тақ санында (кемінде үш) сот алқасы төрағасының не оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен соттың алқалы құрамы жүргізеді.

Кассациялық саты сотының қаулыларын қайта қарау бойынша істерді қарауды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының немесе оның тапсыруы бойынша судьялардың біреуінің төрағалық етуімен тақ санды (кемінде жеті) судьялар алқалы құрамда жүргізеді.

Нақты істі қарау үшін соттың құрамы оны қалыптастыруға сот талқылауының нәтижесіне мүдделі тұлғалардың ықпалын болдырмайтын тәртіппен судьялардың жүктемесі мен мамандануы ескеріле отырып, оның ішінде автоматтандырылған ақпараттық жүйе пайдаланыла отырып қалыптастырылады.

Бір судья немесе сот құрамы қарауды бастаған істі сол судья немесе сот құрамы қарауға тиіс.

Судьяны немесе
судьялардың біреуін
ауыстыру:

1) осы Кодексте
белгіленген
тәртіппен
мәлімделген және
қанағаттандырылған
судья өздігінен
бас тартқан
немесе қарсылық
білдірген


2) ауруына,
демалысына,
оқуда болуына,
қызметтік
іссапарда
болуына орай
судья ұзақ уақыт
болмаған

2) ауруына,
демалысына,
оқуда болуына,
қызметтік
іссапарда
болуына орай
судья ұзақ
уақыт болмаған


Судьяға қарсылық білдіру судья егер:

1) осы істі осының алдында қараған кезде медиацияны жүргізген судья, прокурор, куә, сарапшы, маман, аудармашы, консультант, тараптың немесе үшінші тұлғаның өкілі, сот отырысының хатшысы, сот орындаушысы ретінде қатысқан болса;

2) іске қатысатын адамдардың немесе олардың өкілдерінің бірінің туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болса;



3) істің нәтижесіне жеке өзі, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса не, егер оның бейтараптығына негізді күмән тудыратын өзге де мән-жайлар болса, істі қарауға және шешуге қатыса алмайды және оған қарсылық білдірілуге (өздігінен бас тартуға) тиіс.



4. Істі қарайтын соттың алқалы құрамына өзара туыс, ерлі-зайыптылар немесе жекжаттар болып табылатын судьялар кіре алмайды.

Прокурорға, сарапшыға, маманға, аудармашыға, консультантқа, сот отырысының хатшысына қарсылық білдіру

- Сарапшы, маман, аудармашы бұдан басқа, егер:
- 1) ол іске қатысатын адамдарға немесе олардың өкілдеріне қызмет бабымен немесе өзгедей тәуелді болса немесе тәуелділікте болып келсе;
- 2) ол ревизия немесе тексеру жүргізіп, оның нәтижелері сотқа жүгіну үшін негіз болса не осы азаматтық істі қарау кезінде пайдаланылса;
- 3) оның құзыретіне жатпайтындығы анықталса, оның ішінде іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау оның арнайы білімдерінің шегінен шықса, соттың істі қарауына және шешуіне қатыса алмайды.
- Прокурордың, маманның, аудармашының, консультанттың, сот отырысы хатшысының істі мұның алдында қараған және сот шешкен кезде тиісінше прокурор, маман, аудармашы, консультант, сот отырысының хатшысы ретінде қатысуы оларға қарсылық білдіру үшін негіз болып табылмайды. Адамның іске сарапшы ретінде алдыңғы қатысуы, оның қатысуымен жүргізілген сараптамадан кейін сараптама қайта тағайындалатын жағдайларды қоспағанда, іс бойынша қосымша сараптама жүргізуді оған тапсыруды болдырмайтын мән-жай болып табылмайды.

Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз

- 1. Азаматтық Кодекстің 38, 39-баптарында көрсетілген мән-жайлар болған кезде судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, консультант, сот отырысының хатшысы өздігінен бас тартуды мәлімдеуге міндетті. Іске қатысатын адамдар сол негіздер бойынша қарсылық білдіруге тиіс.
- 2. Қарсылық білдірудің (өздігінен бас тартудың) уәжі көрсетілуге және ол істі мәні бойынша қарау басталғанға дейін жазбаша түрде мәлімделуге тиіс. Істі қарау барысында қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) негізі сотқа немесе қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) мәлімдеген адамға істі қарау басталғаннан кейін белгілі болған жағдайда, қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз берілуі мүмкін.
- 3. Бұрын мәлімделген негіздер бойынша судьяға қарсылық білдіруге қайтадан арыз беруге жол берілмейді.
- 4. Судьяның азаматтық Кодекстің 38-бабы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәлімдеген өздігінен бас тартуы оны қанағаттандыру үшін сөзсіз негіз болып табылады.

Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қарау тәртібі

- 1. Сот отырысында прокурорға, сот отырысының хатшысына, маманға, сарапшыға, аудармашыға, консультантқа мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) сот сол сот отырысында қарайды және шешеді.
- Сот отырысынан тыс мәлімделген жазбаша қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) судья тараптарға хабарламастан, ол түскен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей ал қосымша мән-жайларды анықтау қажет болған кезде – келесі сот отырысында қарайды.
- 2. Бірінші сатыдағы соттың судьясына мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) осы соттың төрағасы немесе басқа судьясы тараптарға хабарламастан, мәлімделген күнінен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, ал олар болмаған жағдайда – тиісті облыстық және оған теңестірілген соттың судьясы келіп түскен күнінен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қарайды және шешеді.
- 3. Апелляциялық сатыдағы соттың судьясына мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) апелляциялық саты сотының төрағасы тараптарға хабарламастан жеке-дара, мәлімделген күнінен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде, ал ол болмаған кезде – осы апелляциялық сатының басқа судьясы қарайды және шешеді.

- 4. Істі соттың алқалы құрамы қараған кезде судьялардың біріне мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) соттың алқалы құрамының басқа судьялары қарайды. Сот мәлімделген қарсылық білдіру бойынша іске қатысатын адамдардың пікірін, егер қарсылық білдірілген судьяның түсініктеме бергісі келсе, оның пікірін тыңдайды. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) мәлімделген судьяның қатысуынсыз шешіледі. Қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) жақтаған және оған қарсы берілген дауыстар саны тең болған жағдайда қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) қанағаттандырылды деп есептеледі.
- 5. Істі сот отырысында қарайтын соттың алқалы құрамының екі және одан да көп судьясына немесе барлық судьяларына мәлімделген қарсылық білдіруді (өздігінен бас тартуды) нақ сол сот толық құрамда қарапайым көпшілік дауыспен шешеді.
- 6. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз қабылданбаған кезде істі қарауды және шешуді сол сот отырысында соттың сол құрамы жалғастырады.
- 7. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арыз қанағаттандырылған жағдайда істі қарау кейінге қалдырылады. Істің жаңа сот отырысында қаралатын уақыты мен орны туралы іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдеріне хабарланады.
- 8. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы арызды қарау нәтижелері бойынша соттың ұйғарымы шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға, прокурордың апелляциялық өтінішхатына, сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхатқа немесе кассациялық наразылыққа енгізілуі мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР. Конституциясы. 30 тамыз. 1995 ж. 2007 жылғы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.
2. “ҚР соттар және судьялардың мәртебесі туралы” ҚР Президентінің Жарлығы. 22 желтоқсан 1995ж. N248
3. ҚР Азаматтық кодексі. Алматы, 2007 ж.
4. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексі. Алматы, 2007 ж

ДАЙЫНДАҒАН;ХАСЕНОВА НАДИРА
